

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

« 27» маусым 2018 жыл

### **БЖЗҚ-ның зейнетақы қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялар**

**Алматы, Қазақстан** – Ақпараттық технологиялар Қордың алдында заманауи кезеңде тұрған стратегиялық міндеттерді шешу құралдарының ажырамас бөлігі. Қордың негізгі ақпараттық жүйелеріне зейнетақы жинақтарының жеке есебін жүргізу, зейнетақы жүйелерінің инвестициялық және бухгалтерлік есептерін жүргізу жүйелері жатады. 2018 жылдың 5 айында Қордың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы филиалдардың операциялық қызметкерлері 9,5 млн операцияны жүзеге асырды.

2017 жылдың соңында KPMG аудиторлық компаниясы Қордың ақпараттық жүйесін аудиттен өткізді. Аудиторлар Қордың негізгі үдерістерінің автоматтандырылу деңгейі 82 пайызды құрайтынын атап өтті. 2017 жылдың екінші жартысынан бастап Қор зейнетақы қызметтерін көрсететін негізгі жүйелердің тоқтап қалу уақытын бақылауға алды. Ақпараттық жүйелердің үздіксіз жұмыс істеу көрсеткіші - 99,98%-ды құрады.

2018 жылы зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы ақпараттық қызметтердің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін метрокластер құру және Алматы мен Астана қалаларында ақпараттар өңдеудің резервтік орталығын жасақтау жұмыстары жүргізілуде. Бұл жобаны жүзеге асыру еліміздің облыстарының бірінде үлкен табиғи немесе техногендік апат болғанның өзінде, Қордың ақпараттық қызметін үздіксіз және толыққанды ауқымда жалғастыруға мүмкіндік береді.

Зейнетақы заңнамасының өзгеруіне және электрондық сервистердің дамуына байланысты жеке мәліметтерді есептеу жүйесі әрдайым жаңартылуда. Мысалы, 2018 жылдың басында жүйеде зейнетақы төлемдерін кесте бойынша, соның ішінде зейнетақы төлемдерін кесте бойынша ай сайын жүзеге асыруға қатысты міндет-тәсілдері жаңартылды. Қор қызметтерін БЖЗҚ бөлімдеріне барып қана емес, дәстүрлі және электронды пошта арқылы, [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында «жеке кабинет» ашу арқылы, ұялы қосымша көмегімен, e-gov.kz электрондық үкіметі сайтында, өз-өзіне қызмет көрсету терминалдарында да алуға болады. Бұл қызметтерге жүгінушілер қатары күн санап артып келеді.

ENPF ұялы қосымшасын жүктегендер саны 2018 жылдың 5 айында 305,8 мың бірлікке жетті. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 6%-ға артық (287 мың жүктеме).

Естеріңізге сала кетейік, 2017 жылы зейнетақы қоры enpf.kz сайты арқылы зейнетақы шотын ашуға арыз беру, жеке деректемелерге өзгеріс енгізу, интернет-хабарландыру әдісін таңдау, төлем жасауға өтініш беру, оның орындалуын онлайн-режимде қадағалау сынды бірқатар электрондық қызмет түрлерін енгізді. Биыл enpf.kz сайты арқылы зейнетақы келісімінің көшірмесін алу қызметі қолжетімді болды. Электрондық қызметтер бар-жоғы біріер минутта көрсетіледі.

Жаңа электрондық қызметтер іске қосылғаннан бері ол 2018 жылдың 1 шілдесіне дейін 55 800 рет қолданылған. Нақтылар болсақ, Қор сайтындағы «жеке кабинет» арқылы 12 500 жеке зейнетақы шоты ашылған (ЖСН және құпия сөз немесе Халыққа қызмет көрсету орталығында берілетін электрондық цифрлық қолтаңба арқылы). 3 226 алушы (зейнетақы

жасына келген немесе 1, 2 топтағы мүгедектігі мерзімсіз тағайындалған азаматтар) зейнетақы төлемдерін жасау туралы өтініш берген. Жеке деректемелерге 30 794 өзгеріс енгізіліп, жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы хабарландыру әдісін өзгертуді интернетке арқылы алу бойынша 9320 операция жасалған.

Қазіргі уақытта ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің «электрондық үкімет» шлюзы арқылы ҚР Әділет министрлігінің Мемлекеттік ақпараттар базасындағы «Жеке тұлғалар» бөлімімен шұғыл ақпарат алмасу үшін үйлестіру үдерістері белсенді жүргізілуде. Таяу арада Халыққа қызмет көрсету орталықтарының (ХҚКО), Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің және БЖЗҚ-ның автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін бір-бірімен үйлестіру арқасында зейнетақы тағайындау жөніндегі композиттік қызмет қолжетімді болады. Оған «Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау», «Жасы келуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау», «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін тағайындау», «Зейнетақы жинақтарына мемлекеттік кепілдік төлеу» қызметтері кіреді.

Бүгінде кең қолданысқа енген «Facebook», «ВКонтакте», «Твиттер», «Одноклассники» және «Instagram» сынды әлеуметтік желілермен қатар, Қор биылдан бастап чат-боттар мен Telegram, Whatsapp, мессенджерлер арқылы ақпарат тарату шарасын енгізуде. Барлық байланыс арналары зейнетақы жүйесі мен БЖЗҚ қызметі туралы қажетті ақпарат алуға, ал керек жағдайда нақты жеке сауалдар бойынша кеңес алуға мүмкіндік береді.

Таяу уақытта салымшылармен өзара байланысты жеделдету мақсатында Whatsapp ( **8-777-000-1418 номері**) арқылы ақпаратты Қор кеңсесіне барып, қоңырау шалмай-ақ автоматты режимде алуға жол ашатын болады.

БЖЗҚ-да қолданылатын ақпараттық технологиялар зейнетақы қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға ықпал ететінін атап өткен абзал.

***БЖЗҚ** 2013 жылғы 22 тамызда құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңсесіне берілді.*

*Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз қызметі  
БАҚ үшін байланыс: [press@enpf.kz](mailto:press@enpf.kz)